

## Шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемесін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2022 жылғы 18 ақпандағы № 4 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 16 наурызда № 27135 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Петропавл қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының аумағында 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса шетелдіктер үшін туристік жарнаның болу құнынан 0 (нөл) пайыз мөлшерлемесі бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Петропавл қалалық мәслихат хатшысы*

*А. Бердагулов*